

## **"Тұранбанк" қазақ акционерлік банкінің акцияларын сатып алу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 15 қаңтар N 70

Кері капиталы бар "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкінің акцияларын сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ұсынысын қарап және еліміздің банк жүйесі үшін банктің маңыздылығын ескеріп, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкінің акцияларын сатып алу туралы оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мәжбүр етіп сатып алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне өтініш жасасын;

- "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкін қаржылық сауықтыру

жөніндегі негізгі шаралардың жоспарын жасасын және оны бекітсін;

- осы мәселені Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі "1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дұрыс шешкен жағдайда банктің акцияларын сатып алу - сату туралы қажетті шарт жасаса отырып "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкінің акцияларын сатып алу үшін Үкіметтің резерв қоры есебінен 695 000 теңге бөлсін және "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкін қайта капиталдандыру үшін қаражат бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары